

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының
2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024 – 2028 жылдарға
арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы
ЕСЕП**

Есеп беру кезеңі: 2025 жыл

Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
	1	2	3	4	5
1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету					
1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу					
1	Инфляция деңгейі	%	5,5-7,5%	12,3%	ҚРҰБ-тың 2024 – 2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын өзектендіру барысында көрсетілген 2023 жылғы қарашадағы жоспар (болжам) – 5,5-7,5% (28.12.2023 жылы бекітілген №259 бұйрық). Фактінің болжамнан ауытқуы ЖЖМ нарығын ырықтандыруды, 2025 жылдың басында салық реформасы мен ТКҚ бағасының өсу қарқынының күшеюі жағдайында орын алды (инфляция бойынша 2024 жылғы қарашадағы болжам – 6,5-8,5%, 2025 жылғы наурыздағы болжам – 10-12%, 2025 жылғы маусымдағы болжам – 10,5-12,5%, 2025 жылғы тамыздағы болжам – 11-12,5%, 2025 жылғы қарашадағы болжам – 12-13%)

2	Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсынымдарынан жоғары)	тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының айларымен	кемінде 5 ай	9,9 ¹	орындалды
2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу					
2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару					
3	Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі ²	%	5-10%	6% ³	орындалды
2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылау					
4	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын уәкілетті банктердің үлесі	%	кемінде 10%	21,42%	орындалды
5	Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі	%	кемінде 30%	31,5%	орындалды
3-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару					
3.1-мақсат. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлудің сақталуын қамтамасыз ету					
6	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді қолдау (қайта теңгеру)	%			

¹ 2025 жылға арналған алдын ала деректер. Соңғы деректер 2026 жылғы наурыз айының соңында қолжетімді болады.

² 2024 жылғы 4 желтоқсаннан бастап арнайы резерв қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда шығыс жарғылық капиталдың 70%-ы шегінде меншікті активтер есебінен өтеледі (норма «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 22 қарашадағы № 138-VIII ҚР Заңымен қабылданды)

³ 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша

6.1	Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі		18-24%	18,77%	орындалды
6.2	Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі		7-13%	9,21%	орындалды
6.3	Дамыған елдер акциялары портфелінің үлесі		27-33%	36,90%	112%-ы орындалды, нақты мәннің болжамды мәннен ауытқуы 12% болды
6.4	Балама құралдар портфелінің үлесі		2-8%	2,81%	орындалды
6.5	Алтын портфелінің үлесі		2-8%	6,96%	орындалды
3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтері кірістілігінің инфляциядан артуы					
7	БЖЗҚ зейнетақы активтері кірістілігінің жылдық мәнде соңғы 10 жылда инфляциядан ауытқуы	%	0-1%	0,48%	орындалды
4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржы технологияларын дамыту					
4.1-мақсат. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу					
8	Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасын іске асырудың жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалардың коэффициенті	%	кемінде 90%	90%	орындалды
4.2-мақсат. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру					
9	Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері	бөлшек сауданың жалпы көлеміне %	кемінде 78%	82,9%	орындалды
5-стратегиялық бағыт. Зерттеу қызметі					
5.1-мақсат. Зерттеу қызметін дамыту					

10	Монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржы тұрақтылығы және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелерін жариялау	жарияланымдар саны (working papers, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» шығарылымындағы, академиялық журналдардағы мақалалар және басқалары)	кемінде 20	29	орындалды
11	Зерттеулер жүргізуге қаржыландыруды ұсыну	саны (зерттеу гранттары және басқалары)	кемінде 4	4	орындалды

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2024 – 2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының
іске асырылуы туралы 2025 жылғы есепке
ТАЛДАМАЛЫҚ ЖАЗБА**

Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

1-стратегиялық бағыт.

Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу

1-нысаналы индикатор: Инфляция деңгейі

2025 жылы Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын сақтай отырып, ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды.

2025 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша жылдық инфляция 12,3%-ды құрады (2024 жылғы желтоқсанда – 8,6%).

Жыл ішінде инфляция өсу қарқынын көрсетті, қыркүйек айында 12,9% деңгейінде ең жоғары деңгейге жетті, бұл макроэкономикалық теңгерімсіздіктер мен баға күтпеген өзгерістерінің үйлесімін көрсетті. Ауқымды фискалдық және квазифискалдық ынталандыру қолдауымен ұсынысты кеңейту мүмкіндігінен асып түсетін жоғары ішкі сұраныс тұтынушылық кредиттеудің әлі де жоғары өсуімен тұрақты проинфляциялық аясын қалыптастырды.

Сонымен қатар сыртқы және ішкі азық-түлік нарықтарындағы ахуал, ТКҚ және ЖЖМ нарығында реттелетін бағалардың үздіксіз өсуі, сондай-ақ салық-бюджет өзгерістерінің күтулері инфляциялық әсерді күшейтіп, қайталама әсерлерді қалыптастырып, инфляциялық күтулерде көрініс тапты.

Инфляциялық қысымның күшеюіне жауап ретінде Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын реттеді: базалық мөлшерлеме наурыз айында 16,5%-ға дейін және 2025 жылдың қазан айында 18,0%-ға дейін көтерілді. Пайыздық саясат минималды резервтік талаптарды жоғарылатумен, алтынмен операцияларды қайталаумен, сондай-ақ тұтынушылық кредиттеуді тоқтата тұруға бағытталған Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірге макро және микропруденциалдық шараларды күшейтумен толықтырылды.

Ұлттық Банктің шаралары Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларымен, соның ішінде реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің әкімшілік төмендеуімен бірге 2025 жылдың төртінші тоқсанында инфляцияның біртіндеп баяулауына ықпал етті.

Сақталып отырған проинфляциялық тәуекелдерді ескере отырып, орта мерзімді кезеңде инфляцияның 5% нысаналы деңгейіне қол жеткізу ақша-кредит жағдайларының орташа қатаң сипатын сақтауды талап етеді.

2-нысаналы индикатор: Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсынымдарынан жоғары)

Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтерінің көлемі (Ұлттық қордың активтерін есепке алмағанда) 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша 65,4 млрд АҚШ долларына (2025 жылдың басында 45,8 млрд АҚШ долларына) бағаланды, бұл Қазақстанның тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының 9,9⁴ айын қаржыландыруды қамтамасыз етті. Осылайша, нысаналы индикатордың мәні іс жүзінде жоспарланған көрсеткіштен асып түсті.

Анықтама үшін: Индикатор тиісті кезеңнің соңындағы Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері көлемінің (Ұлттық қордың активтерін есепке алмағанда) есепті күннің алдындағы 12 айдағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының орташа айлық деңгейіне арақатынасы ретінде есептеледі.

Импорт базасындағы резервтік активтердің жеткіліктілік индикаторы алтын-валюта резервтерінің деңгейін экономиканың мөлшерімен және ашықтығымен салыстыру үшін қолданылады және валюта ресурстарының кез келген ағыны толық тоқтатылған жағдайда, ел өзінің қазіргі импорт деңгейін қамтамасыз ете алатын уақыт кезеңін көрсетеді. Бұл өлшемшартты негізінен импорт төлем балансындағы шығысының маңызды бабы болып табылатын елдер қолданады. Әлемдік практикаға сәйкес 3 айдағы тауарлар мен қызметтер импортының құнына сәйкес келетін резервтік активтердің шамасы ең аз жеткілікті шама болып саналады (ХВҚ ұсынымдарына сәйкес). Ұлттық Банк үшін шекті деңгей 5 ай деңгейінде айқындалған.

2-стратегиялық бағыт.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу

2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару.

3-нысаналы индикатор: «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ескере отырып, оның арнайы резервінің деңгейі⁵

2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың 70%-ы шегінде меншікті активтерді ескере отырып, арнайы резервтің нақты мөлшері 1,58 трлн теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасының 6%⁶-ын құрайды.

Осылайша, 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың 70%-ы шегіндегі меншікті активтерді ескере отырып, арнайы резервтің нақты деңгейі арнайы резервтің жоспарлы деңгейіне сәйкес сақталады.

Анықтама үшін: «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) арнайы резерві қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда, сондай-ақ бір банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде

⁴ 2025 жылға арналған алдын ала деректер. Соңғы деректер 2026 жылғы наурыз айының соңында қолжетімді болады.

⁵ 2024 жылғы 4 желтоқсаннан бастап арнайы резерв қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда шығыс жарғылық капиталдың 70%-ы шегінде меншікті активтер есебінен өтеледі (норма «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 22 қарашадағы № 138-VIII ҚР Заңымен қабылданды)

⁶ 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша

банк мүлкінің мөлшері мен кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырманы толтыру кезінде ең алдымен жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің депозиттері бойынша төлемдерді қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Арнайы резерв негізінен депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тоқсан сайынғы жарналары, сондай-ақ жинақталған резервті инвестициялаудан түскен кіріс есебінен жинақтау негізінде қалыптасады. Арнайы резерв қаражаты барынша сақталу және олардың құнын жоғалтудың ең аз тәуекелі қағидаты бойынша инвестицияланады. Бұдан басқа, Қордың Арнайы резерві жеткіліксіз болған жағдайда, кепілдік берілген өтемақы төлемдерін жүзеге асыру үшін Қордың меншікті қаражаты – жарғылық капиталдың 70%-ы шегінде меншікті активтері пайдаланылуы мүмкін.

2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылау

4-нысаналы индикатор: ҚР валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын уәкілетті банктердің үлесі

Ұлттық Банк уәкілетті банктерді валюталық заңнама талаптарын сақтауы тұрғысынан (тәуекелдер дәрежесі негізінде) дербес тексереді.

2025 жылы тексеруге алынған уәкілетті банктердің үлесі олардың жалпы санынан 21,42%-ды құрап, жоспарлы мәннен (10%) асып түсті. Бір жыл ішінде 42 уәкілетті банктің 9-ы, атап айтқанда «Еуразиялық банк» АҚ, «Қазақстан Ситибанкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Limited ЕБ), «Home Credit Bank» АҚ, «ForteBank» АҚ, «ВТБ Банкі (Қазақстан)» АҚ ЕБ, «КЗИ БАНКІ» ЕБ» АҚ, «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ, «Tansar Capital» АҚ тексерілді.

Валюталық заңнама талаптарының анықталған бұзушылықтары үшін уәкілетті банктер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды уәкілетті банктердің жоюы туралы талаптар қойылды.

Анықтама үшін: «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті банктерге Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін шетелдік банктердің филиалдары жатады.

5-нысаналы индикатор: Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия негізінде 406 уәкілетті ұйым өз қызметін жүзеге асырды.

2025 жылы Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары тәуекел дәрежесін бағалау негізінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және

терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша уәкілетті ұйымдарға (уәкілетті ұйымдардың жалпы санынан 31,5%) 128 тексеру жүргізді.

3-стратегиялық бағыт.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін және БЖЗК зейнетақы активтерін тиімді басқару

3.1-мақсат. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлудің сақталуын қамтамасыз ету

6-нысаналы индикатор: Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді қолдау (қайта теңгерімдеу)

6.1-нысаналы индикатор: Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі

6.2-нысаналы индикатор: Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі

6.3-нысаналы индикатор: Дамыған елдердің акциялар портфелінің үлесі

6.4-нысаналы индикатор: Балама құралдар портфелінің үлесі

6.5-нысаналы индикатор: Алтын портфелінің үлесі

2025 жылы Ұлттық Банк Ұлттық қордың жинақ портфелінің активтерін стратегиялық бөлуді ұстанды.

Дамыған елдердің жинақ портфеліндегі **акциялар портфелінің үлесі** 36,30%-дан 36,90%-ға дейін өсті, бұл Ұлттық Банктің 2024 – 2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында айқындалған 27-33% мөлшеріндегі нысаналы көрсеткіштен асып түсті. Акциялар үлесінің ұлғаюы АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесі мен дамыған елдердің басқа орталық банктері мөлшерлемелерінің төмендеуіне, технологиялық сектордағы корпоративтік кірістің өсуіне және жасанды интеллект секторындағы инвестициялар аясында дамыған елдердің акциялар нарығының өсуіне (21% мөлшерінде) байланысты болды.

Алтын портфелінің үлесі 5,91%-дан 6,96%-ға дейін өсті. Алтын үлесінің артуы геосаяси шиеленістің күшеюінен, соның ішінде Дональд Трамптың сауда саясатынан, сондай-ақ АҚШ-тағы пайыздық мөлшерлемелердің одан әрі төмендеу перспективаларынан туындаған алтынның қымбаттауына (65%-ға) байланысты.

Акциялар мен алтын портфелінің өсуі аясында есепті кезеңде **дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің үлесі** 18,87%-дан 18,77%-ға дейін, **баламалы құралдардың үлесі** – 2,83%-дан 2,81%-ға дейін азайды. Есепті жылы осы портфельдердің нарықтық құны ұлғайды.

Корпоративтік облигациялар нарығының өсуіне байланысты корпоративтік облигациялардың үлесі 9,15%-дан 9,21%-ға дейін өсті. Корпоративтік облигациялар портфелі жыл қорытындысы бойынша 11,3% мөлшерінде кірістілікті көрсетті.

Ұлттық қордың активтерін басқару тәсілдерін жетілдіру мақсатында ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің 03.02.2026 жылғы № 26-01-13.2 хаттамасымен Ұлттық қордың жинақ портфелінің жаңа стратегиялық аллокациясы жөнінде ұсыныстар әзірленді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің стратегиялық жоспарына тиісті өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігін инфляциядан арттыру

7-нысаналы индикатор: БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық мәнде соңғы 10 жылдағы инфляциядан ауытқуы

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 10 жылдағы (2016 – 2025жж.) орташа жылдық кірістілігі сол кезеңде орташа жылдық инфляция 9,24% мөлшерінде болған кезінде 9,72%-ды құрады.

Нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін БЖЗҚ зейнетақы активтері есепті кезең ішінде нарықтық шарттармен инвестицияланды. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес 2024 – 2025 жылдарға мақұлдаған бағыттар шеңберінде БЖЗҚ зейнетақы активтері мынадай түрде инвестицияланды:

– 2 474,2 млрд теңге сомасына жылдық 15,2% орташа мөлшерленген кірістілігімен белгіленген мөлшерлемесі бар және 72,5 млрд теңге сомасына TONIA +0,98%-ға және +2,5% инфляцияға тең өзгермелі мөлшерлемесі бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;

– 497,1 млрд теңге сомасына жылдық 17,4% орташа мөлшерленген кірістілігімен белгіленген мөлшерлемесі бар және 300,0 млрд теңге сомасына +3,5% инфляцияға тең өзгермелі мөлшерлемесі бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары сатып алынды;

– 44,8 млрд теңге сомасына + 4,65% инфляцияға тең өзгермелі мөлшерлемесі бар екінші деңгейдегі банктердің облигациялары сатып алынды;

– 17,1 млрд теңге сомасына жылдық 16,2% орташа мөлшерленген кірістілігімен белгіленген мөлшерлемесі бар және 36,9 млрд теңге сомасына TONIA + 0%-дан 1%-ға дейінгі мөлшердегі сыйлықақыға тең өзгермелі мөлшерлемесі бар халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары сатып алынды.

Сонымен қатар БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілікті алу және қолдау үшін қолда бар босаған ақша қалдығы күн сайын жылдық 13,2%-дан 18,0%-ға дейінгі аралықтағы кірістілігі бойынша ақша нарығының құралдарына инвестицияланды.

Шетелдік нарықтарда инвестициялау есебінен портфельді эртаратпандыру мақсатында 2025 жыл ішінде 972,6 млн АҚШ доллары көлемінде шетел валютасы сатып алынды, бұл портфельдің валюталық үлесін 40% деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік берді.

2025 жыл ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің құрылымы белгіленген стратегиялық аллокация шеңберінде болды. Мәселен, дамыған елдер облигацияларының үлесі валюта портфелінің 25,8%-ын (нысаналы мәні $25\% \pm 10\%$), дамушы елдер облигацияларының үлесі – 21,3%-ын (нысаналы мәні $25\% \pm 10\%$), корпоративтік облигациялардың үлесі – 17,8%-ын (нысаналы мәні $20\% \pm 10\%$), акциялардың үлесі – 26,2%-ын құрады (нысаналы мәні $30\% \pm 10\%$).

Ұзақ мерзімді кезеңде БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша неғұрлым жоғары нақты табыстылықты алу зейнеткерлікке шыққан кезде зейнетақы төлемдерінің барабарлығын білдіретін табысты алмастыру коэффициентінің өсуін қамтамасыз ететінін атап өту маңызды. Осыған орайда Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару кезінде нақты табыстылықты барынша арттыру бойынша барлық күш-жігерін жұмсайды.

4-стратегиялық бағыт.

Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржылық технологияларды дамыту

4.1-мақсат. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу

8-нысаналы индикатор: Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалардың коэффициенті

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және олардың қаржылық сауаттылығын арттыру тетіктерін іске асыру» және «Төлем инфрақұрылымын дамыту» стратегиялық бастамаларын орындау шеңберінде 2020 – 2025 жылдарға арналған қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманың Жол картасында 2025 жылы **4 іс-шара бойынша** жұмыстар жоспарланды, оларды іске асыру Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – ҚРҰБ), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – ҚНРДА), ҚБЕО, басқа да мемлекеттік органдаға (СІМ) бекітілді.

Негізгі басымдық – «Цифрлық реттеуші»

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және олардың қаржылық сауаттылығын арттыру тетіктерін іске асыру» бастамасы

«Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі 42%-ды құрайды» бағыты (іске асыру мерзімі – 2025 жылғы 4-тоқсан, ҚНРДА)

Жай-күйі: Орындалды.

2025 жылы ҚНРДА тапсырысы бойынша жүргізілген қаржылық сауаттылық деңгейін социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп негізінде қаржылық сауаттылықтың жиынтық индексі 42%-ды құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен – 41,2% асады және соңғы бес жыл ішінде байқалған: 2023 жыл – 40,5%, 2022 жыл – 40,3%, 2021 жыл – 39,52%, 2020 жыл – 39,07% тұрақты өсу үрдісін растайды. Осылайша, қаржылық білім біртіндеп азаматтардың күнделікті іс-әрекетіне кірігіп бара жатқан оң динамикасының бекігені туралы айтуға болады.

Қазіргі уақытта сарапшылар қауымдастығымен бірлесіп 2025 – 2028 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру стратегиясының жобасы әзірленді. Халықтың қаржылық білімін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылатын болады.

Негізгі басымдық – «Цифрлық инфрақұрылым»

«Төлем инфрақұрылымын дамыту» бастамасы

«Төлем операциялары мен перспективалық сервистер бөлігінде тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде реттеу тетіктері» бағыты (іске асыру мерзімі – 2025 жылғы 1-тоқсан, ҚРҰБ, ҚНРДА)

Мәртебесі: Орындалды.

Перспективалы сервистерді дамыту шеңберінде 2025 жылы Цифрлық теңге және Open API платформаларын іске қосуды және Антифрод-орталықтың функционалын кеңейтуді қоса алғанда, Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын толыққанды ендіру жұмысы аяқталды.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын және оның компоненттерін ендіру мен дамыту жиынтығында банкаралық өзара іс-қимылды және банкаралық төлемдерді жүргізуді жеңілдетеді, цифрлық қаржы сервистерінің қолжетімділігі мен қауіпсіздігін күшейтеді, сондай-ақ нарықта бәсекелестік жағдайларды қамтамасыз етеді.

«ЕурАзЭҚ шеңберіндегі стандарттар мен бастамаларды үндестіру (оның ішінде трансшекаралық төлемдер және жаңа төлем сервистері бөлігінде)» бағыты (іске асыру мерзімі – 2025 жылғы 1-тоқсан, ҚРҰБ, басқа да мемлекеттік органдар (СІМ))

«Бөлінген тізілім технологиялары негізінде ЕурАзЭҚ шеңберінде трансшекаралық төлемдерді дамыту мүмкіндіктері» бағыты (іске асыру мерзімі – 2025 жылғы 4-тоқсан, ҚРҰБ, ҚБЕО)

Мәртебесі: Орындалды.

Бөлінген тізілім технологиялары негізінде ЕурАзЭҚ шеңберінде трансшекаралық төлемдерді дамыту мүмкіндіктері орталық банктердің Цифрлық валюталары бағыты бойынша ЕАЭО елдерінің ұлттық төлем жүйелерін дамытуды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобы шеңберінде пысықталуда (бағыттың кураторы – ҚР Ұлттық Банкі).

Бағыт ОБЦВ платформаларының интероперабельділігін қамтамасыз ету мақсатында көзделген. Іс-шаралар Жол картасына сәйкес өткізіледі.

2025 жылы Ұлттық юрисдикциялар таңдаған архитектуралық тәсілдерді, соның ішінде криптографиялық алгоритмдер мен ақпаратты қорғау құралдарын пайдалану, платформалардың интероперабельділігін қамтамасыз ету қағидаттарын әзірлеу бойынша баяндама дайындалды.

Тоқсан сайын орталық банктердің цифрлық валюталарын енгізу жөніндегі ұлттық жобаларды іске асырудың аралық қорытындыларының презентациялары өткізіледі.

Бағыт бойынша жұмыстарды іске асыру шеңберінде ОБЦВ платформаларының интероперабельділігін қамтамасыз ету моделі – ОБЦВ өзара байланысты жүйелерінің моделі таңдалды.

Осы бағыттағы жұмыс тобы шеңберінде жалғастырылатын болады.

4.2-мақсат. Цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру

9-нысаналы индикатор: Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері:

«Бөлшек сауданың жалпы көлеміне халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері» индикаторы бойынша 2025 жылға арналған жоспар 78% болған, нақты көрсеткіш 82,9%-ды құрады.

Ескертпе: көрсеткішті есептеу тәсілі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросымен бірлескен жұмыс шеңберінде есептік көрсеткіштерден ҚҚС сомаларын түзету және шегеру жолымен өзгертілді.

Көрсеткішті 2024 жылмен салыстыру (89,0%) көрсеткішті есептеу бойынша өзгеруге байланысты 2025 жылы көрсеткіштің төмендеуін көрсетпейді.

Қолма-қол ақшасыз төлемдер көрсеткіші Ұлттық Банк пен қаржы нарығына қатысушылардың төлем нарығын дамыту, қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымды кеңейту жөніндегі бірлескен күш-жігерін көрсетеді.

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктер қашықтан қаржылық сервистерді, халыққа цифрлық форматта қызмет көрсету үшін жағдайларды дамыту, оның ішінде халықты адалдық бағдарламаларын, төлемдер кэшбегін пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер жүргізуде көтермелеу жұмысын жүргізуде.

Қолма-қол ақшасыз экономика көлеңкелі экономиканың төмендеуіне, қаржы ағындарының ашықтығына және транзакциялық шығынның төмендеуіне ықпал етеді.

5-стратегиялық бағыт. Зерттеу қызметі

5.1-мақсат. Зерттеу қызметін дамыту

10-нысаналы индикатор: Монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржы тұрақтылығы және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелерін жариялау

2025 жылы монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржылық тұрақтылық және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелері бойынша ҚРҰБ-тың ресми интернет-ресурсында экономикалық зерттеулер (working papers) және талдамалық жазбалар, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» ҚРҰБ-тың ресми басылымында мақалалар, сыртқы нарықтағы рефератталған академиялық журналдарда мақалалар түрінде **29** зерттеу жұмысы жарияланды.

Зерттеу жұмыстары ақша-кредит, фискалдық және макропруденциалдық саясаттардың өзара іс-қимылы мен үйлестіру, қаржы нарығын, экономиканың нақты секторын дамыту, экономикалық процестерді модельдеу, көрсеткіштердің өзгермелі экономикалық конъюнктураға әрекетін сандық және сапалық тұрғыдан көрсететін және экономикалық көрсеткіштер арасындағы өзара байланыс мәселелеріне арналды.

2025 жылы ақша-кредит саясатына, оның ұзақ мерзімді стратегиясына және қолданылатын құралдарға, атап айтқанда «Инфляция – әрқашан және барлық жерде монетарлық құбылыс: Қазақстанның мифі немесе шындығы?», «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талдау және болжау жүйесіне (FPAS) DSGE модельдерін құру және ендіру», «DSGE модельдері үшін параметрлерді бағалау», «Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің негізгі тұтынушылық санаттарын қабылданатын инфляцияны қалыптастыру факторлары ретінде сәйкестендіру», «Ақша-кредит саясатының құралы ретіндегі ең төменгі резервтік талаптар: халықаралық тәжірибе және пайдалану ерекшеліктері», «Қазақстанда халықтың инфляциялық күтулерін айқындайтын факторлар», «Инфляциялық таргеттеу режимінде монетарлық шоктарды сәйкестендіру: ақша-кредит саясатының Қазақстандағы тұтынушылық іс-әрекетке әсері», «Estimating Kazakhstan's neutral interest rate and its implications for monetary policy» бағытталған бірқатар зерттеулер жарияланды.

Макроэкономикалық үйлестіру мәселелерін зерделеу контекстінде «Мұнай бағасының өзгеруі Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері», «Қазақстанның бизнес циклына мұнай бағасының әсері: асимметрияны ескере отырып, эмпирикалық тәсіл», «DSGE-фискалдық саясаттың моделі: Қазақстанның мысалы», «Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіпті дамытуды мемлекеттік қолдаудың тиімділігін бағалау (1-бөлім)», «Шикізат елдерінің макроэкономикалық портреті: деректер призмасы арқылы қарау», «Әлеуметтік капитал және оның сапалы экономикалық өсу үшін маңызы». зерттеулері жүргізілді және жарияланды.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын бағалау және қаржы секторын зерделеу мәселелері «Банктердің бөлшек сауда портфеліне және оның жекелеген құрамдас бөліктеріне талдамалық шолу», «Төлемге қабілетсіз компаниялар және олардың Қазақстандағы экономикалық өсуге әсері», «Қазақстандағы кредит беру детерминанттары», «АСМ моделін қолдана отырып, Қазақстандағы жеделділік үшін сыйлықақыны модельдеу», «Түркия мысалында табиғи апаттан сақтандыруды енгізудің халықаралық тәжірибесі», «Қазақстанның зейнетақы жүйесін талдау», «Corporate characteristics and firm's financial fragility: evidence from Kazakhstan», «Household income distribution and financial debt: five analytical patterns of consumer indebtedness from Kazakhstan».

Зерттеу жұмыстарының циклі қолма-қол және цифрлық ақша айналымын зерделеу мен талдаумен байланысты болды, оларға «Цифрландыру дәуірінде Қазақстанда және әлемде қолма-қол ақшаны пайдалану үрдісі», «Банкноттық субстраттарды ластануға төзімділікке тестілеу», «ҚРҰБ әлеуметтік зерттеулері негізінде қолма-қол ақшаны пайдаланудағы экономика субъектілерінің төлемдік артықшылықтарының өзгеруі» жатады.

Қазақстандағы экономикалық дамуға, экономикалық агенттердің қаржылық жағдайына және өмір сүру сапасына әсер ететін факторларды талдауға бағытталған бірқатар жұмыстар жарияланды: «Қазақстанның тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаларға зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану бағдарламасының әсерін талдау және бағалау», «Тікелей шетелдік инвестицияларды салыстырмалы талдау: Қазақстан және басқа елдердің кейсі».

Ұлттық Банктің коммуникациялары мен ішкі корпоративтік мәдениетіне арналған зерттеулер жүргізілді: «Қазақстан Ұлттық Банкіндегі корпоративтік мәдениеттің диагностикасы: құралдар және іске асыру», «Халықтың Қазақстан Ұлттық Банкінің коммуникацияларын қабылдауын бағалау: экономикалық нарративтер және twin-deficit».

11-нысаналы индикатор: Зерттеулер жүргізуді қаржыландыру

Ұлттық Банктің зерттеу қызметінің маңызды элементі сыртқы әріптестік болып табылады, оның нәтижесі сыртқы зерттеушілермен, академиялық қоғамдастықпен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастық шеңберінде ҚРҰБ қызметінің басым бағыттары бойынша жүргізілген зерттеулер негізінде эмпирикалық және теориялық нәтижелер алу болып табылады. Ынтымақтастық арқылы алынған бағалаулар балама сценарийлер мен бағалауларды есепке алуға мүмкіндік беретін шешім қабылдаудың қосымша тірегі болып табылады.

Ғылыми ойды дамыту, ғылыми дискурсты және кәсіби пікірлерді қалыптастыру мақсатында ҚРҰБ қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу үшін гранттар беру жөніндегі ҚРҰБ бағдарламасы шеңберінде 2025 жылы «ЕАЭО шеңберіндегі интеграциялық процестердің

Қазақстан экономикасының құрылымына әсері» және «Қазақстандағы жеке тұлғаларға кредит беруді құқықтық талдау» тақырыптары бойынша зерттеу институттарына 2 зерттеу гранты берілді.

Цифрлық валютаны енгізу мәселесін пысықтау үшін Ұлттық Банк халықаралық тәжірибені, реттеуші және технологиялық аспектілерді, цифрлық активтер мен валютаны ендірудің әлеуетті тәуекелдері мен әсерлерін зерделеу мақсатында цифрлық активтер саласында талдамалық жұмыстар жүргізу үшін халықаралық ұйым тартты.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігін және Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамыту жолдарын бағалау мақсатында халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту және оны одан әрі дамыту мәселелері бойынша зерттеу жүргізу жөнінде халықаралық ұйыммен келісім жасалды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Стратегиялық жоспарын 2025 жылы іске асыру қорытындысы туралы тұжырымдар

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк инфляция деңгейі бойынша нысаналы көрсеткішке қол жеткізуді қоспағанда, Ұлттық Банктің 2024 – 2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында бекітілген қызметтің негізгі стратегиялық бағыттары бойынша жоспарланған мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізілді.

Ұсыныстар

Ұлттық Банк қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары бойынша жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізуге бағытталған Ұлттық Банктің стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.